

Бәрежелді!

Дарынды жастар альманахқа шықты

Қарағандылық жыр сүйер қауымның еңбегі елеусіз қалмасы анық. Астанадан республикалық «Жас қаламгер» альманағына Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында құрылған «Жыр Жауһар» поэзия клубының жас ақындарының бір топ өлеңдері, прозалары шықты дегенде біз де шексіз шаттандық. Іргетасы қаланғанына бір жыл толған біздің поэзия клубының әуелгі мақсат-мүддесі де осы еді. Ашылмай жатқан таланттарды, танылмай жатқан дарындарды жарыққа шығарып, бүкіл халықтық поэзия сахнасына шығуларына мүмкіндік жасау болатын, Бұл альманахқа біздің клубқа мүше Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың, ҚМББ «Болашақ» институтының, Қарағанды гуманитарлық колледжінің, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің, Қарағанды политехникалық колледжінің студенттері өз өлеңдерін ұсынған болатын.

Астаналық қаламгерлер мен баспагерлердің ыстық ықыласына, жылы лебізіне бөленген жастардың шығармалары жоғары деңгейде көрінгенін атап өту қажет. Осы орайда жуық арада кітапхана ұжымы мен «Жыр Жауһар» поэзия клубы бірлесе отырып осы альманахтың тұсаукесер рәсімін өткізбекші, Осы қуанышқа ортақтасуға барша поэзияға құштар жастарды шақырамыз.

Нұрғамила АСАНОВА,
өлкетану бөлімінің аға
кітапханашысы.